

ӘОЖ 612.8

БИОЛОГИЯ МАМАНДЫҒЫ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ КЕЗІНДЕГІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ СТАТУСЫ

Данай Қызайым Култасқызы, Толегенова Айсулу Маратқызы

kizaiym@list.ru; tolegenova-99@bk.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, жаратылыстану ғылымдары
факультетінің 4 курс студенттері, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекші – Р.Татаева.

Аннотация. Қазіргі уақытта бүкіл әлемдегі коронавирустық пандемия (COVID-19) әсерінен білім беру жүйесі айтарлықтай ауыртпашылық сезінді. Қашықтықтан оқыту жүйесі айқын міндеттер мен проблемалармен қатар, жаңа форматпен оқыту арқылы мүмкіндіктер мен перспективалардың кең спектрін ұсынды. Жаңа оқу форматына психологиялық бейімделудің өзі біршама уақыт пен жұмысты талап ететіні анық. Зерттеудің мақсаты қашықтықтан оқу форматындағы студенттердің психологиялық ерекшеліктерін зерттеу. Бұл зерттеу жұмысында Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің қашықтықтан оқытын 104 студентінің психологиялық ерекшеліктері қарастырылды.

Кілт сөздер: қашықтықтан оқыту, психологиялық статус.

Кіріспе

Қазіргі уақытта бүкіл әлемдегі коронавирустық пандемия (COVID-19) әсерінен білім беру жүйесі айтарлықтай ауыртпашылық сезінді. Қашықтықтан оқыту заманауи технологиялар негізінде ақпараттық кеңістікте оқытушы-студент, студент-студент, студент-ақпарат арасындағы ашық оқыту әрекеттерін қамтамасыз ететін ХХІ ғасырдың ерекше педагогикалық технологиясы ретінде саналады және оның басты тұлғасы студент болады[1]. Осылайша, қашықтықтан оқыту технологиялары өткен педагогикалық тәжірибеге негізделген және кешенді жүйелі қолдану арқылы білім беру процесіне жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы инновациялық бағыт береді[2]. Процестердің көп бөлігі ақпараттық ресурстарды өндіріске және пайдалануға бағытталған қазіргі ақпараттық қоғам, ең алдымен

жаңа білім, сосын адамның психологиялық дайындығына жаңа талаптар қояды. Қашықтықтан оқытуды зерттеудегі қазіргі кездегі ең өзекті мәселелердің бірі - оның неғұрлым тиімді нысандары мен оны іске асыру перспективаларын таңдауды айқындайтын психологиялық ерекшеліктерін зерделеу болып табылады[3].

Қашықтықтан оқыту форматының студенттердің психологиясына әсері туралы көптеген авторлар өз еңбектерін арнағанымен, әлі жіті зерттелмеген.

Материалдар және зерттеу әдістері

Зерттеу нысаны ретінде Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Универсиетінің биология мамандығының студенттері алынды. Психодиагностикалық сауалнамаларға биология мамандығынан 104 студент (94-қыз бала, 10 ұл бала) алынды.

Білім алушылардан тұлғаның экстраверсия-интроверсия және нейротизмнің деңгейлерін анықтау арқылы темперамент типтерін жіктеуге мүмкіндік беретін Г.Айзенктің «ЕРІ сауалнамасы»[4], жеке тұлғаның кейбір жүйкелік-психикалық симптомдарының болуын және айқындылығын анықтайтын И.Н.Гурвичтің «Жүйкелік-психикалық бейімделу» тесті[5], Депрессия деңгейінің диагностикасын және сиптомдарын анықтауға мүмкіндік беретін А.Бектің «депрессия шкаласы» шектеулі жиынтығы [6] Google Forms онлайн платформасы арқылы жүргізілді.

Зерттеу нәтижелері

Г.Айзенктің «ЕРІ сауалнамасы» нәтижесінде 1-кестеде көрсетілгендей, нейротизм бойынша 17 студент (16,3 %) - эмоционалды тұрақты, 37 студент – орташа көрсеткіш (35,6%), 50 студент (48,1%) - эмоционалды тұрақсыздығын көрсетті. Нейротизм дәрежесі төмен адамдар үшін эмоционалды тұрақтылық, сабырлық, байсалдылық сияқты белгілер тән. Эмоционалды тұрақсыздық, яғни нейротизмнің жоғарғы көрсеткіші қашықтықтан оқытын студенттердің көпшілігіне тән. Бұл студенттердің көпшілігінде көңіл-күйдің тез өзгеруіне, тым ашушандыққа, нашар бейімделуге, кінә мен мазасыздыққа, өз-өзіне сенімсіздік, депрессиялық реакциялар, алаңдаушылық, стресстік жағдайлардағы тұрақсыздыққа бейім екендігін көрсетеді. Сондықтан нейротизмнің жоғарғы деңгейінің алдын-алу мақсатында виртуалды білім алатын әрбір студентке демалу мен эмоцияларды босатудан тұратын уақыт бөлу қажет.

Кесте 1. Г.Айзенктің тұлғалық ЕРІ сауалнамасының нәтижесі.

№	Шкала	Субшкала	Қашықтықтан оқыту форматында білім алған студенттер	
			Студент саны, n=104	%
1	Экстраверсия- Интраверсия	Интроверт	26	25
		Интроверсияға бейім	30	28,9
		Экстраверт	48	46,1
2	Нейротизм	Эмоционалды тұрақты	17	16,3
		Орташа көрсеткіш	37	35,6
		Эмоционалды тұрақсыз	50	48,1

Г.Айзенктің «ЕРІ сауалнамасының екінші шкаласы экстраверсия-интроверсия шкаласы бойынша, білім алушылардың арасында 48 студент (46,1%) – экстраверт, 30 студент (28,9%) – интроверсияға бейім, 26 студент (25%) – интроверт. Экстраверттер адамдар мен заттардың сыртқы әлемін жақсы көретіндіктен, өздерінің жұмысын сыртқы әлеммен іс-қимыл арқылы байланыстырғанда жақсы орындайды және басқа адамдармен, топтық жұмыста ыңғайлы қарым-қатынас жасайды. Интроверсия типіндегі адамдар идеялар мен ұғымдардың ішкі әлемін қалайды. Интроверттер тыныш жұмыс істеген кезде өзін жайлы сезінеді және жұмысын рефлексивті түрде, өз басымен жасаған кезде нәтижелі болады. Жеке тұлғаның психотипін ескере отырып, оқытуды едәуір жақсартуға, студенттердің аудиторияда да, электронды оқыту жүйелерінде де ынтасы мен белсенділігін арттыруға болады. Яғни, қашықтықтан оқыту жүйесі интроверттерге ыңғайлы, ал экстраверттерге қолайсыздықтар тудыруы мүмкін. Сол себепті қашықтықтан оқыту барысында экстраверт типіндегі студенттерге жиірек топтық тапсырма беру керек.

И.Н.Гурвичтің «Жүйкелік-психикалық бейімделу» тестінің нәтижесінде студенттердің 52-інде (50%) оптималды бейімделу, 34 студентте (32,7%) патологиялық емес психикалық дезадаптация, 18 студентте (17,3%) патологиялық психикалық дезадаптация анықталды. Патологиялық емес психикалық бейімделу бұзылыстары көбінесе эмоционалды күйзеліс синдромының бастапқы кезеңдері түрінде көрінеді, ол ұйқының бұзылуы, эмоционалдық тұрақсыздық, астеникалық көріністер, мазасыздық, есте сақтау мен зейіннің нашарлауы, вегетативті дисфункциялардың мезгіл-мезгіл пайда болуымен сипатталады. Патологиялық психикалық бейімделу бұзылыстары болғанда студент айналасындағы әлеуметтік ортаға дұрыс бейімделе алмайды, эмоционалдық денсаулығында біршама бұзылыстар бар, жоғарғы дәрежедегі агрессивтілікпен сипатталатынын байқауға болады.

А.Бектің «депрессия шкаласы» шектеулі жиынтығы тестінің нәтижелеріне сай, депрессия симптомдарының болмауы-69 студентте (66,4%), жеңіл депрессия-26 студент (25%), орташа депрессия-9 студентте (8,6%) байқалды. Депрессияның эмоционалды белгілеріне мұң, үмітсіздік, мазасыздық, ішкі шиеленіс сезімі, ашушандық, кінә сезімі, өзін-өзі айыптау, ренжу, өзін-өзі бағалау мен сенімділіктің төмендеуі жатады. Ауыр депрессия-бұл адамның психикалық жағдайының бұзылуы. Ол жабырқаулы сезім, мұң, пессимистік және құлдырайтын көңіл-күймен сипатталады. Ауыр депрессияның байқалмауы студенттердің психологиясына бұл оқыту форматының қалыпты дәрежеде әсер еткенін көрсетеді.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелеріне сай 50 студентте (48,1%) нейротизмнің жоғарғы деңгейі анықталды, бұл олардың эмоционалды тұрақсыз екендігін көрсетеді. Білім алушылардан 48 студент (46,1%) – экстраверт, 26 студент (25%) – интроверт, 30 студент (28,9%) – интроверсияға бейім. Студенттердің 52-і (50%) қашықтықтан оқыту жағдайларына оптималды бейімделген, екінші бөлігінде түрлі дезадаптация белгілері байқалды. Жеңіл және орташа депрессия 15 студентте (33,6 %) анықталды. Биология мамандығы студенттерінің қашықтықтан оқыту кезіндегі психологиялық статусы жалпы алғанда қалыпты дәрежеде екендігі туралы қорытындыға келуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Махмудова С.Э., Атаева Ф.Н. Опыт применения модульной системы для овладения педагогическими навыками в подготовке резидентов магистратуры по специальности "акушерства и гинекологии" // 2018. С. 290-293.
2. Истюфеева Ж.Н. Психолого-педагогическая поддержка студентов, обучающихся в режиме дистанционного образования – Инновации в образовании. - 2009. - № 9. - С. 71-78.

3. Троян Г. М. Концепция дистанционного образования, его эволюция и роль информационных и коммуникационных технологий // ИИТО ЮНЕСКО. М. : МЭСИ, 2001. С.8
4. Личностный опросник ЕРІ (методика Г. Айзенка) / Альманах психологических тестов – М., 1995. С. 217-224.
5. Никифоров Г. С., «Практикум по психологии здоровья», 2005. С. 15.
6. Бек А., Бек Д. С. Когнитивная терапия: полное руководство / пед. с англ. – М.: ООО «И.Д.Вильямс», 2006. - 20с.